

24. Danye Vsemirnogo banka URL: https://data.worldbank.org/indicator/NY.GDP.MKTP.KD.ZG?end=2018&locations=Z4&name_desc=false&start=1961&view=chart
25. Bushuev V.V., Konoplyanik A.A., Mirkin i dr. / Ceny na neft': analiz, tendencii, prognoz. – M.: ID «Energiya». -2013.- 344 s.
26. Grigor'ev L., Salihov M. Finansovyy krizis i energeticheskie rynki. URL: <http://www.perspektivy.info/print.php?ID=39786>
27. Shevchenko I.V., Aleksandrova E.N., Penzhoyan O.G. . Mesto i rol' neftyanogo kompleksa v sovremennykh ekonomicheskikh otnosheniyah: analiz klyuchevykh mirovykh i otechestvennykh tendenciy razvitiya // Finansy i kredit 24 (408) – 2010 s. 2-9
28. Suleimenova A., Turkeyeva K., Tulemetova A., Zhanakova N. (2020) The Impact of the Oil and Oil Products Market on Economic Development: A National Aspect // International Journal of Energy Economics and Policy (Turkey), 2020, 10(5), ISSN: 2146-4553. R. 116-122. DOI: <https://doi.org/10.32479/ijeep.9964>
29. Transformatsiya mirovogo rynka nefti / Otv. red. S.V. ZHukov. – M: IMEMO RAN, 2016. – 300 s.
30. Mirovoj rynek nefti: ot «Ruchnogo upravleniya» k «Nevidimoy ruke». URL: http://www.ngv.ru/upload/medialibrary/Analytics/mirovoy_rynok_nefti_ot_ruchnogo_upravleniya_k_nevidimoy_ruke.pdf
31. Bloomberg: spros na neft' v Kitae upal na 20% iz-za rasprostraneniya koronavirusa. URL: <https://tass.ru/ekonomika/7669061> (19.04.2020)
32. Ekspert prokomentiroval sdelku OPEK+. URL: <https://ria.ru/20200413/1569975540.html> (18.04.2020)
33. Strany OPEK+ zaklyuchili soglasenie o rekordnom sokrashchenii dobychi nefti. URL: <https://www.rbc.ru/business/12/04/2020/5e9357129a79473d1267e1d6> (03.10.2020)
34. Alternative Energy solution for the 21st Century. URL: <http://www.altenergy.org/>
35. A.I. Gromov. Mirovoj rynek nefti v period global'noj energeticheskoy transformatsii: ozhidaniya i opaseniya // Strategicheskoe planirovanie v energetike.- Vypusk 3.- 2018 g. 75-86 s.
36. Oficial'nye danye Mezhdunarodnogo energeticheskogo agentstva (MEA). URL: <http://www.iea.org/index.asp>

Сведения об авторах

Туркеева Куляш Амиркуловна - ведущий научный сотрудник Института экономики КН МОН РК, к.э.н., доцент, г.Алматы, 050010, ул.Курмангазы, 29, +77011651156, e-mail: turkeeva21@mail.ru, ORCID iD: <https://orcid.org/0000-0001-9845-7751>

Сулейменова Арайлым Шаймуратовна - корреспондирующий автор, Казахский национальный университет им. аль-Фараби и Институт экономики КН МОН РК, Алматы, Республика Казахстан, докторант (Экон.), e-mail: suleimenova.arailym@ieconom.kz, ORCID iD: <https://orcid.org/0000-0002-0884-9944>

Information about the authors

Turkeeva Kulyash Amirkulovna - Leading researcher Institute of Economics CS MES RK, Candidate of Economics sciences, assistant professor . Address: Almaty, 050010. Kurmangazy, 29, Tel: +77011651156, e-mail: turkeeva21@mail.ru

ORCID iD: <https://orcid.org/0000-0001-9845-7751>

Suleimenova Arailym Shaimuratovna - corresponding author, Al-Farabi Kazakh National University and Institute of Economics of the Ministry of Education and Science of Kazakhstan, Almaty, Republic of Kazakhstan, PhD student (Econ.), e-mail: suleimenova.arailym@ieconom.kz, ORCID iD: <https://orcid.org/0000-0002-0884-9944>

Дата поступления: 08.04.2021

Прошла рецензирование: 29.04.2021.

Принято решение о публикации: 04.06.2021.

Received: 08.04.2021.

Reviewed: 29.04.2021.

Accepted: 04.06.2021.

Қарастыруға қабылданды: 08.04.2021.

Рецензиялауды өтті: 29.04.2021.

Жариялауға қабылданды: 04.06.2021.



АҚШ пен Қытай кәсіпкерлігіне салыстырмалы талдау: Қазақстан үшін тәжірибе

А.М. Мырзахметова, А.Е. Мухаметжан

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Түйін

Кәсіпкерлік ұлттық экономиканың негізі болып табылады және әлемдегі кез-келген елдің экономикасының тиімді жұмыс істеуі үшін маңызды рөл атқарады. Авторлар экономикалық өсу кезеңінде де, экономикалық құлдырау кезеңінде де ұзақ уақыт бойы шағын және орта кәсіпкерлігі табысты дамып келе жатқан мемлекеттер ретінде АҚШ пен Қытайдың тәжірибесін зерттеді.

Мақаланың мақсаты - АҚШ пен Қытайдағы кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың ерекшеліктерін зерттеу, салыстырмалы талдау жүргізу және осы елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, Қазақстандағы кәсіпкерлікті тиімді дамытуға ұсыныстар әзірлеу. Авторлар шағын және орта бизнестің даму динамикасы мен факторларын, АҚШ пен Қытайдағы кәсіпкерлік қызметтің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдап, COVID-19 пандемиясының осы елдердегі және Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметке әсерін анықтады. Зерттеу барысында ғылыми білімнің әр түрлі әдістері қолданылды: мәліметтерді жинау және өңдеу, экономикалық, салыстырмалы және статистикалық талдау, жалпылау, синтез, индукция, дедукция. 2011 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі аралықта АҚШ пен Қытайдағы шағын және орта кәсіпкерліктің жағдайы мен даму динамикасы туралы жаңа сандық мәліметтерді жинақталды және өңделді.

Шағын және орта кәсіпкерлік әлемнің барлық елдерінің экономикалық дамуының ажырамас және маңызды бөлігі болып табылады, АҚШ пен Қытай сияқты елдердің тәжірибесі Қазақстандық экономика үшін пайдалы бола алады. Кәсіпкерлік ел үшін бірқатар маңызды әлеуметтік-экономикалық функцияларды орындайды: жұмыспен қамтамасыз ету, бәсекелестік органы құру, инновацияларды қолдау және енгізу, әлеуметтік теңсіздікті азайту, өндірістік, коммерциялық процестерге табиғи, адами, материалдық және техникалық ресурстарды тарту, экономикалық өсуді ынталандыру және адамдардың әл-ауқатын жақсарту.

Авторлар дүниежүзілік экономиканың екі ірі жетекші елдерінің кәсіпкерлік қызметінің тәжірибесін зерттеу негізінде Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына ықпал ететін ұсыныстар әзірледі.

Түйін сөздер: халықаралық кәсіпкерлік, АҚШ пен Қытай тәжірибесі, мемлекеттік қолдау, COVID-19 әсері, Қазақстандағы кәсіпкерлік.

Сравнительный анализ предпринимательства США и Китая: опыт для Казахстана

Аннотация

Предпринимательство является основой национальной экономики и выполняет важную роль для эффективного функционирования экономики любой страны мира. Авторы изучили опыт США и КНР, в которых давно и успешно развивается малое и среднее предпринимательство как в периоды экономического роста, так и в периоды спада экономики.

Цель статьи – изучить особенности и провести сравнительный анализ организации предпринимательской деятельности в США и Китае, и на основе опыта этих стран разработать предложения для эффективного развития предпринимательства в Казахстане. Авторы проанализировали динамику и факторы развития малого и среднего предпринимательства, преимущества и недостатки предпринимательской деятельности в США и Китае, выявили влияние пандемии COVID-19 на предпринимательскую деятельность в этих странах и в Казахстане. В ходе исследования были использованы различные методы научного познания: сбор и обработка данных, экономический, сравнительный и статистический анализ, обобщение, синтез, индукция, дедукция. Были собраны и обработаны свежие количественные данные о состоянии и динамике развития малого и среднего предпринимательства в США и Китае в период с 2011 по 2021 годы.

Малый и средний бизнес составляет неотъемлемую и важную часть экономического развития всех стран мира. Опыт таких стран как США и Китай может быть полезен и интересен для казахстанской экономики. Предпринимательство выполняет ряд важных социально-экономических функций для страны: обеспечение занятости, создание конкурентной среды, поддержка и внедрение инноваций, сокращение социального неравенства, привлечение природных, человеческих, материально-технических ресурсов в производственный и коммерческий процесс, стимулирование экономического роста и повышение благосостояния людей.

Авторы, основываясь на исследовании опыта предпринимательской деятельности двух крупных стран-лидеров мировой экономики, разработали предложения, которые будут способствовать развитию малого и среднего предпринимательства в Республике Казахстан.

Ключевые слова: международное предпринимательство, опыт США и Китая, государственная поддержка, влияние COVID-19, бизнес в Казахстане.

Comparative analysis of USA and Chinese entrepreneurship: experience for Kazakhstan

Abstract

Businesses are the backbone of the national economy and play an important role for the effective functioning of the economy of any country in the world. The authors studied the experience of the United States and China, in which small and medium-sized businesses have been successfully developing for a long time, both during periods of economic growth and during periods of economic recession.

The purpose of the article is to study the features and conduct a comparative analysis of the organization of entrepreneurial activity in the United States and China, and, based on the experience of these countries, develop proposals for the effective development of entrepreneurship in Kazakhstan. The authors analyzed the dynamics and factors of the development of small and medium-sized businesses, the advantages and disadvantages of entrepreneurial activity in the United States and China, and identified the impact of the COVID-19 pandemic on entrepreneurial activity in these countries and in Kazakhstan. In the course of the study, various methods of scientific knowledge were used: data collection and processing, economic, comparative and statistical analysis, generalization, synthesis, induction, deduction. We collected and processed fresh quantitative data on the state and dynamics of the development of small and medium-sized enterprises in the United States and China in the period from 2011 to 2021.

Small and medium business is an integral and important part of the economic development of all countries of the world, the experience of countries such as the United States and China can be useful and interesting for the Kazakh economy. Entrepreneurship performs a number of important socio-economic functions for the country: providing employment, creating a competitive environment, supporting and introducing innovations, reducing social inequality, attracting natural, human, material and technical resources into the production and commercial process, stimulating economic growth and improving the well-being of people.

The authors, based on a study of the experience of entrepreneurial activities of two large leading countries of the world economy, have developed proposals that will contribute to the development of small and medium-sized businesses in the Republic of Kazakhstan

Key words: international business, experience of the USA and China, state support, impact of COVID-19, business in Kazakhstan.

Кіріспе

Шағын және орта кәсіпкерлік ұлттық экономиканы дамытудың негізі және әлемдегі кез-келген елдің экономикасының сәтті жұмыс істеуі үшін маңызды қозғаушы күш ролін атқарады. Әлемдік экономикада бүгінгі күні шағын және орта кәсіпкерлігі дамыған және кәсіпкерлікті дамытудағы өз тәжірибелері бар мемлекеттер Америка Құрама Штаттары және Қытай Халық Республикасын қарастыратын боламыз.

Қазіргі заманауи жағдайда аталған мемлекеттердегі кәсіпкерлікті ұйымдастыру ерекшеліктерін және оны дамыту бағыттарына салыстырмалы талдау жасау, сонымен қатар 2020 жылғы әлемді жайлаған COVID-19 пандемиясының халықаралық кәсіпкерлікке алып келген кері әсерін қарастыру және көрсетілген мемлекеттер мысалында осы кезеңдегі кәсіпкерліктің дамуына әсер етуші факторларды анықтап, мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау түрлеріне шолу жасау еліміздің экономикасы үшін маңызды болып табылады.

Мақаланың мақсаты - халықаралық кәсіпкерліктегі АҚШ пен Қытайдың кәсіпкерлікті ұйымдастырудағы ерекшеліктерін және оны дамыту бағыттарына салыстырмалы талдау жүргізе отырып, Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамытуға, тиімді ұйымдастыруға ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу нысаны – АҚШ, Қытай және Қазақстанның халықаралық кәсіпкерлігі.

АҚШ пен Қытайдағы кәсіпкерлікке келмес бұрын, халықаралық кәсіпкерлікке шолу жасай өтсек. Халықаралық кәсіпкерлік - пайда табу мақсатында жүзеге асырылатын және халықаралық экономикалық сфераға таралатын әр түрлі формадағы капиталды қолданумен және өскен іскерлік белсенділіктің артықшылықтарымен байланысты кәсіпкерлік қызмет. Халықаралық кәсіпкерлік өзімен бірге әлемдік ақпарат алмасу жүйесін, әлемдік қаржы нарығын, инновациялық технологиялардың көлемді құрылысын және т.б. салалардың дамуы тікелей байланысты екенін дәлелдейді. Кәсіпкерліктің тарихы орта ғасырлардан басталады. Сол кездің өзінде көпестер, саудагерлер, қолөнершілер кәсіп бастаушы болды. Капитализмнің күшеюімен байлыққа ұмтылыс шексіз пайда алуға деген ұмтылысқа әкелді.

Экономиканың құрылымының маңызды құрамдас бөлігі ретінде кәсіпкерлік рөлі келесілерден тұрады:

- Кәсіпкерлік қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығының және әлеуметтік әл-ауқатының, адамдардың өмір сүру деңгейінің жоғарылауының кепілі ретінде әрекет етеді.

- Кәсіпкерлік сектор жергілікті нарықты отандық тауарлармен және қызметтермен қанықтырады, отандық өндірісті дамытады және қолдайды, ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін және халыққа тұтынушылық қызметтер деңгейін жоғарылатады.

- Кәсіпкерлік қызметтің рөлі халықтың экономикалық және іскерлік белсенділігінің өсуінен көрінеді (бұл жалпы экономикалық өсуге және қосымша жұмыс орындарын құру арқылы жұмыспен қамтудың артуына әкеледі).

- Кәсіпкерлік сектор - бұл бюджет жүйесіне салықтардың тұрақты кірісін қамтамасыз ететін, елдің мемлекеттік бюджетін толтырудың маңызды көзі.

- Жаңа кәсіпорындар құру ел экономикасына қосымша инвестицияларды тарту құралы ретінде қызмет етеді.

- Шағын кәсіпкерліктің дамуы экономикалық бостандық деңгейінің жоғарылауына, азаматтық қоғамның қалыптасуына ықпал етеді.

Мақалада АҚШ пен Қытайдың халықаралық кәсіпкерліктегі ерекшеліктері мен оны дамытудағы бағыттарын тереңірек қарастыратын боламыз. АҚШ және Қытай үшін де орта және шағын бизнес - экономикасының ажырамас бөлігі. Олар жұмыспен қамтамасыз ету, бәсекелестік ортаны құру, инновациялық белсенділікті қолдау, әлеуметтік теңсіздікті азайту, өндіріс процесінде ірі бизнес пайдаланбайтын ресурстарды тарту, дифференциалды өндіріс пен өндірістік емес жағдайларды қанағаттандыру сияқты бірқатар маңызды әлеуметтік-экономикалық функцияларды орындайды.

Тақырыпқа қатысты зерттеулерге шолу

Кәсіпкерлік тауарларды өндіру мен сол өнімді өткізуден, қызмет көрсетуден пайда -алуды жүйелі түрде алуға бағытталған экономикалық қызмет. Тақырыпқа қатысты зерттеуге келетін болсақ, біз бірнеше экономистердің көзқарасы бойынша кәсіпкерлік сөзінің мағынасын талдап, не екенін анықтауға тырысамыз. Ұлы экономистердің осы ұғымды түсінуінде өте кең таралған Ричард Кантillonнан бастайық. Ол «фр. *Essai sur la nature du commerce en général*» (Жалпы табиғат туралы очерк, 1755) кітабында кәсіпкерлік ұғымын қолданған барлық экономистердің алғашқылары болды. Ол осы шығармасының бір тарауында «кәсіпкер» терминін қолданған және белгілі бір бағамен сатып алатын, бірақ белгісіз бағамен сататын, сондықтан тәуекелге баратын адамды білдіреді [1].

Енді Карл Маркс пен оның осы кәсіпкерлік мағынасын түсіндіруін қарастырайық. Карл Маркс әлемдегі ең әйгілі экономистердің бірі. Кәсіпкер К.Маркстің тұжырымдамасы Р.Кантillonның тұжырымдамасынан біршама ерекшеленеді. Карл Маркс кәсіпкер өз капиталын артық құндылық алуға бағыттайтын және жұмысшыларды қанаушы капиталист

деп санайды. Карл Маркс «капиталист». (капитал иесі; капиталист - жалдамалы еңбекті қанаушы) және «кәсіпкер» ұғымдарын өзара салыстырды [2].

Кәсіпкерлік туралы қазіргі таңдағы зерттеулер мен экономист-ғалымдардың көзқарастарына шолу жасау өту маңызды, себебі Р.Кантillon сипаттаған кәсіпкерліктен бүгінгі күндегі кәсіпкерлік арасында айтарлықтай айырмашылық кездеседі.

Америкалық экономист-ғалымдар К.Келли мен Б.З.Мильнердің көзқарасы бойынша «New economy» келесі ұғымдарды қамтуы керек: экономикадағы білімнің, инновация мен ақпараттың өсіп келе жатқан рөлі; ақпараттық өнім шығаратын жаңа типтегі кәсіпорындардың пайда болуы; кәсіпкерлік қызметтің тиімділігінде мекеменің шешуші рөлі. Яғни халықаралық кәсіпкерліктің дамуы әлемдік экономикаға әсерін тигізуші негізгі көрсеткіштердің бірі екеніне көз жеткізуімізге болады [3].

Еуропалық көзқарас бойынша еуропада кәсіпкерлік қызметті жүргізу барысында келесі ерекшеліктерді атап көрсетеді: үкіметтің кәсіпкерлікке әсерінің төмендігі, кәсіпорындардың саны тек қана нарықпен реттеліп отырады, өндірушілер өнімдерін өз бетінше сатады және халықаралық ынтымақтастық орнатудағы қарапайымдылық пен жеңілдік. Экономикалық құбылыстардың әлеуметтік-экономикалық тамырларын, кәсіпкерліктің дамуын талдауда, нарықтық механизмді және оның өзара тәуелділіктерін сипаттауда, жүйелеуде, зерттеуде Л. Вальрас, Т. Госсен, В. Дживонс, Н.Ф. Капар, А. Курно, В. Парето, В. Вуиль, Ф. Эдгеварт және тағы да басқа экономистердің еңбектері бар. Өз еңбектерінде бәсекелес кәсіпкерлер - тауар иелерін қатаң сандық қатынастардың жабық жүйесі ретінде сипаттауға алғашқы әрекеттер жасалды [4].

Ресей экономистері В. Афанасьев, Л. Абалкин, А.В. Бусыгин, А. Блинов, Е. Задорожнюк, Б. Ичитовкин, И. Разумнова өздерінің еңбектерінде кәсіпкерлік дегеніміз, халық үшін тауарлар мен қызметтердің бүкіл массасын өндіру, яғни жеке және әлеуметтік қажеттіліктердің бүкіл көлемін қанағаттандыру деп атап көрсетеді. Кәсіпкер - бұл ақша, материал, жұмыс күшін біріктіретін, жаңа өнім, жаңа бизнес, өндіріс процесі немесе бизнесті жақсырақ ұйымдастыратын адам деген көзқарас білдірген [5].

Халықаралық кәсіпкерліктің теориялары экономикалық ойдың классикалық және институционалдық бағыттарының эволюциясы тұрғысынан да, халықаралық өндірістің

тиімді жұмыс істеуі үшін әр түрлі құралдарды қолдануды көрсететін функционалды тәсіл тұрғысынан қарастырылуы керек. Халықаралық кәсіпкерліктің дамуы барысында көптеген теориялар бірге пайда болып қалыптасты. Соның ішіндегі әлемдік деңгейде кең таралған және АҚШ пен Қытайдағы кәсіпкерліктің дамуы барысында қалыптасқан бірнеше теориялар бар.

Өнімнің өмірлік циклі теориясы. 1966 жылы американдық экономист Р. Вернон ұсынған. Теория дүниежүзілік дайын өнімнің сауданың дамуын олардың өмір сүру кезеңдеріне байланысты түсіндіреді. Өмір кезеңі - бұл тауар нарықта өміршеңдікке ие болатын және сатушының мақсатына сәйкес келетін уақыт кезеңі. Ол халықаралық кәсіпкерлікті түсіндіру үшін өнімнің өмірлік циклінің микроэкономикалық тұжырымдамасын қолданды [6].

Неоинституционалдық бағыт аясында трансакциялық шығындар теориясы жасалды, ол халықаралық өндірісті теориялық талдауға тағы бір көзқарасты көрсетті. Оның авторы, Нобель сыйлығының лауреаты Р.Коуз неоклассикалық мектептің айырбас пен мәміле жасауға шығындар нөлге тең деген идеясын жоққа шығарды. Транзакциялық шығындарға немесе нарықтық механизмдерді пайдалану шығындарына ол әр келісімнің келіссөздерін, қадағалауын, қарым-қатынас орнатуын, келіспеушіліктерді жоюды жатқызды [7].


Методология

АҚШ пен Қытайдағы кәсіпкерліктің дамуын бағалап, оны тереңірек зерттеу үшін, келесі аталған әдістер кеңінен қолданылды: синтез, талдау, индукция, дедукция, фактілерді жинақтау, тарихи-логикалық және т.б. әдістер. Бұл экономикалық процестерді олардың нақты түрінде бақылауды және шындықта болып жатқан фактілерді жинауды қамтиды. Талдау және синтез әдісі әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды бөліктерге бөліп (талдау) және тұтасымен (синтез) зерттеуді қамтиды. Талдау мен синтездің үйлесуі кешенді зерттеу объектілеріне жүйелі түрде қарауды қамтамасыз етеді.

Зерттеу барысында нақты статистикалық мәліметтер қолданылды, сонымен қатар АҚШ пен Қытайдағы кәсіпкерлік қызметте кездесетін артықшылықтары мен кемшіліктері сарапталып, екі елдегі кәсіпкерлік қызметтің сәйкес көрсеткіштеріне салыстыру жүргізілді.

Ойталқы және нәтижелер

Шағын және орта кәсіпкерлік ұлттық экономиканы дамытудың негізі және әлемдегі кез-келген елдің экономикасының сәтті жұмыс істеуі үшін маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік - жекеменшік серіктестік экономикалық жаңғыртудың шешуші факторы ретінде анықталады. Экономикадағы кез-келген элемент, жеке және мемлекеттік сектор, әртүрлі жоспарлар мен іс-әрекеттермен бірлескен, өзара байланысты нәтижелі қардамдарға жету үшін бірлесіп жұмыс істеуі керек. АҚШ және Қытай үшін де кәсіпкерлік ел экономикасының ажырамас бір бөлігі және қозғаушы күші болып табылады. Алайда екі елдегі кәсіпкерліктің даму бағыттары, салалары әр түрлі болып келеді. Сол себепті екі елдің кәсіпкерлігіне салыстырмалы талдау жасаймыз.



Сурет 1 - Қазақстандағы 2011-2021 жылдар аралығындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны [8,9]

Қазақстандағы 2011-2021 жылдардағы шағын және орта кәсіпкерліктің субъектілер санының өсу динамикасына көңіл аударатын болсақ, әр жыл сайын тіркелген ШОК саны артып отырғанын байқаймыз. Алайда 2020 жылы наурыз айында, яғни елдегі төтенше жағдайларға байланысты енгізілген шектеулер кезінде 11726 ШОБ өз қызметін тоқтатты. 2019 жылмен салыстырғанда тіркелген ШОБ субъектілер санының азаюына алып келді [10].

Қазіргі кезде Америка экономикасы жеке кәсіпкерлерден бастап әлемдегі кейбір ірі корпорацияларға дейінгі сан алуан кәсіпкерлікпен мақтана алады. Американдық ірі компаниялардың сатылымының үштен бірінен астамы басқа елдерге экспортталады. Америка Құрама Штаттарында шағын кәсіпкерліктің саны тұрақты түрде өсіп келеді. Шағын және орта кәсіпкерліктің ғылымды дамытуға және жаңа өнімдерді шығаруға қосқан үлесі зор: АҚШ-тағы ашылымдар мен өнертабыстардың негізгі бөлігі шағын және орта мамандандырылған фирмалардың үлесіне келеді. Әуе кемесі, тікұшақ, кондиционерлер, дербес компьютерлер және басқа да көптеген өнімдер өндірісінің дамуы дәл шағын және орта кәсіпорындарда басталды. Шағын кәсіпкерлік секторының жиынтық әсері орасан зор оған келесі статистикалық көрсеткіштер дәлел бола алады:

- Америкадағы шағын бизнес АҚШ сатылымының 54% құрайды;
- Шағын және орта кәсіпкерлік 70-ші жылдардан бастап барлық жұмыс орындарының 55%-ын және барлық жаңа жұмыс орындарының 66% -ын қамтамасыз етеді;
- Америка Құрама Штаттарындағы 600000-нан астам франчайзингтік шағын бизнес барлық бөлшек сатудың 40% құрайды және 8 миллион адамды жұмыспен қамтамасыз етеді;
- Америкадағы шағын бизнес секторы барлық сауда кеңістігінің 30-50% құрайды, шамамен 20-34 млрд фут [11].


АҚШ-тағы шағын және орта кәсіпкерлік әртүрлі салаларда жұмыс істейді: өндіріс, сауда, қаржы секторында, әлеуметтік қызметтер саласында, сондай-ақ инновация саласында. Америка Құрама Штаттарында шағын кәсіпкерліктің саны тұрақты түрде өсіп келеді. АҚШ-та шағын және орта кәсіпкерлік институционалды түрде ұйымдастырылып, арнайы комитеттер, шағын кәсіпкерлік әкімшілігі, аймақтық қауымдастықтар жүйесі және шағын бизнес-инкубаторлар арқылы мемлекеттік құрылымдарға біріктірілген.

Сонымен, барлық елдерде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың ұзақ

уақытты оң нәтижеге жетуіне арналған түрлі бағдарламаларды әзірлеуге қолдау көрсету үшін ғана емес, арнайы ұйымдар да ұйымдастырылып жатыр. Дәлел ретінде, 2003 жылы күшіне енген, Қытайдың әлеуметтік-экономикалық дамуына негізделген бағдарлама болып табылады. Қытайдың экономикасын дамытуға арналған бағдарламалар мемлекеттің экономикалық алға жылжуын және ұлттық экономиканы дамыту үшін елдің экономикасын жалпы дамыту арқылы, ірі, орта және шағын кәсіпкерлік көмегімен жақсы нәтижеге жеткізуді көздейді. Қытай үкіметі елдің экономикасын 2020-2050 жылдарға аралығында жақсартуға бағытталған әр түрлі бағдарламаларды қабылдаған болатын. Осыған қарамастан, Қытайдағы шағын және орта кәсіпкерлік әлі де қосымша мемлекет тарапынан қолдауға, инвестицияларды тартуға және кәсіпкерлікті дамыту үшін несиелік бағдарламаларды кеңейтуге мұқтаж. Осыны ескере отырып, Қытай билігі әр түрлі жолдармен шағын және орта кәсіпкерліктің экономикалық жағынан өсуіне ықпал жасауда, мысалы, экономиканы реттеуге және шағын кәсіпкерлікке салық салуға бағытталған заң актілерін жетілдіре отырып ұйымдастыруға тырысуда [12].

Қытай өзінің ғылыми-зерттеу және инновациялық бағдарламаларын қарқынды құруды жалғастыруда және технологиялық артықшылықтарын пайдалана отырып елдің экономикасын одан әрі тұрақты түрде дамыту үшін оларға көп қаражат бөлуде. Елдегі кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың инфрақұрылымын әрдайым кеңейтіп отырады, бұл жоғары технологияларды одан әрі дамытудың негізі ретінде жоғары технологияларды кеңінен қабылдауға ықпал ететін оқу-зерттеу орталықтарын, бизнес-инкубаторларды, технопарктер мен венчурлық қорларды құруға баса назар аударады. ШОК экспорттық әлеуеті. Ұлттық өнеркәсіп секторының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату үшін технологиялық дамыту бағдарламаларының кешені (Technology Development Programs - TDP) дайындалды [13].

Соңғы 10 жылдықта АҚШ-та да, Қытайда да кәсіпкерлік саны тұрақты түрде артуда, оған ресми статистикалық мәліметтер дәлел бола алады. Алайда 2020 жылдың басында Қытайдан шыққан COVID-19 пандемиясы әлемдік экономикаға, соның ішінде біз қарастырып отырған халықаралық кәсіпкерлікке өз ықпалын тигізді.



Сурет 2 - 2011-2021 жылдар аралығындағы АҚШ-тағы тіркелген кәсіпорындар саны [14,15].

АҚШ-тың экономикасы әлемдегі дамыған, тұрақты болғанымен COVID-19 пандемиясының әсерінен ЖІӨ-і 2020 жылдың 3-тоқсанында 2,8%-ға төмендеген, 4-тоқсанында 2,4% азайған. Диаграммада көрсетілген статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, 2011 жылдан бастап кәсіпорындар санының тұрақты түрде артуын байқаймыз, бірақ 2021 жылдың қаңтар айында тіркелген кәсіпорындар саны 701000-ға кем. Алайда, әлемді жайлаған пандемия АҚШ -тағы демалыс және қонақ күту саласына үлкен кері әсерін алып келді, мәліметтерден байқап отырғанымыздай бір жылдың ішінде 459000-ға азайған. Сонымен қатар білім беру және денсаулық сақтау саласындағы кәсіпкерлер, бөлшек сауда нарығы, құрылыс саласы және басқа да қызмет көрсету салаларымен айналысатын шағын және орта кәсіпкерлік саны төмендеген [16].

Дағдарыс жағдайында АҚШ-та оң нәтижеге жұмыс жасаған кәсіпкерліктің келесі салаларын атап өтуімізге болады: көтерме сауда және ақпараттық қызметпен айналысатын кәсіпкерлік салалары. COVID-19 эпидемиясы дамушы елдердің ғана емес, дамыған елдердің кәсіпкерлігі үшін де бұрынсоңды болмаған ауыр соққы болды. Сонымен қатар, АҚШ үшін пандемияның шарықтау шегі 2020 жылдың наурыз айының соңында болды.


Эпидемия кезінде АҚШ-тағы кәсіпкерліктің әлсіреуінің бірнеше себептері:

- көптеген кәсіпорындардың жабылуы және ірі, шағын, орта кәсіпкерліктердің жұмыстарының уақытша тоқтауы елдегі жұмыссыздықтың көбеюіне алып келді;

- көп жағдайда жұмысты қашықтықтан жасауға мүмкіндіктері жоқ салалар зардап шекті (сұлулық салондары, тазалау компаниялары, авиакомпаниялар және т.б.). Бұл топқа сонымен қатар қызметі ұлттық экономика үшін стратегиялық маңызды емес жұмысшылар кіреді (мысалы, коронавирус пандемиясы кезінде американдық бөлшек сауда фирмалары JCPenney, J. Crew, Neiman Marcus өздерін банкрот деп жариялады).

- әйелдер, қара нәсілділер және латынамерикандықтар сияқты көбінесе қол еңбегімен айналысатын халық арасында жұмыссыздық тез өсті, нәтижесінде халықтың әлеуметтік жағдайы төмендеді. Сәйкесінше ол кәсіпкерлердің тауарларына деген сұранысты азайтты. Бұған АҚШ-тың 2020 жылғы жұмыссыздық деңгейі туралы алдын-ала мәліметтері дәлел болады [17].

АҚШ кәсіпкерлікті ерекше бағалайтын мемлекет болып табылады, сол себепті де мемлекет тарапынан кәсіпкерлікке әлемдік пандемия кезінде тиісті қолдау көрсетілді. Атап айтатын болсақ, ірі компанияларға арналған бизнесті несиелеуге 500 млрд.долл және шағын кәсіпкерлікке қолдау үшін 350 млрд.долл бөлінді.



Сурет 3 - 2021 жылдың қаңтар айында АҚШ-тағы тіркелген кәсіпорындар санының салыстырмалы ауытқу көрсеткіші [18]

Қытайға келетін болсақ, шағын және орта кәсіпкерлік экономикасының негізін құрайды: ол елдегі кәсіпорындардың 97%, ЖІӨ-нің 60% және жұмыс істейтін азаматтардың жалпы санының 80% құрайды. Шағын және орта кәсіпкерлік өнеркәсіп өндірісінде, сондай-ақ көтерме және бөлшек саудада жетекші рөл атқарады. Қытайдағы кең таралған және табысы жоғары кәсіпкерліктің келесі түрлерін айтуымызға болады:

- алып-сатумен айналысатын кәсіпкерлер. Қытай нарығында ақша табудың ең танымал жолы болып табылады. Елдің территориясында көтерме сауда арқылы өте арзанға алынған тауарлар, интернет-дүкен арқылы немесе, шағын кәсіпкерлерге жоғары бағада сатылады.


- балықты өңдеу және балық өнімдерін өндіру. Қытайдағы балық бизнесі өзге мемлекеттен келген балық шикізаттарын өңдеумен айналысатын үлкен зауыттар болып табылады. Балық шикізатын сатып алып, Қытай филе шығарады және дайын өнімге әлемдік бағаны реттейді. Технологиялар импорты мен арзан жұмыс күші бизнесті пайдалы және инвестициялық перспективалы етеді. Негізгі балық аулау аймағы - Оңтүстік Қытай теңізі.

- көңіл көтеру және қызмет көрсету салалары. Біріншіден, бұл Қытайдағы мейрамхана, ойын бизнесі және қонақ үй бизнесі. Елдің көп халқы және оның жоғары жұмыспен қамтылуы сапалы және арзан мейрамханалық тағамдарға сұранысты арттырады.


- қытайда гүл бизнесі де белсенді дамып келеді, ал гүл шоқтары интернет-сайттар арқылы жиі сатылады. Гүлдерді Гуанчжоудағы көтерме сауда базарынан сатып алу және оларды басқа аймақтарға сату үлкен табыс алып келуі мүмкін.

Қытайдағы шағын және орта кәсіпкерлікті АҚШ-тың кәсіпкерлігімен салыстырғанда мемлекеттік тарапынан қолдау көрсетуге және кәсіпкерлік үшін несиелік жобалар санын көбейтуге мұқтаж. Осыны ескерген Қытай үкіметі түрлі жолдармен шағын және орта кәсіпкерліктің экономикалық өсуіне ықпал етуде, мысалы, экономиканы реттеуге және шағын кәсіпкерлікке салық салуға негізделген заңнамалық актілерді жетілдіруде. Бұл жасалынған шаралардың нәтижесін соңғы жылдардағы кәсіпкерліктің санының артуымен көруге болады.

Қытай экономикасы 2020 жылғы COVID-19 пандемиясы кезінде 2,3% өсіп, әлем бойынша оң нәтиже көрсеткен мемлекет болып табылады. Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, 2020 жылы онлайн-сатумен айналысатын кәсіпорындарға сұраныс салыстырмалы түрде жедел қарқынмен 14,8%-ға өсті, бұл бөлшек саудамен айналысатын кәсіпкерлердің шамамен төрттен бір бөлігін құрайды. Әлемдегі жайылған індеттің салдарынан зауыттар мен елдегі өндіріс орындары өз жұмыстарын тоқтатты, нәтижесінде Қытайдың экономикалық өсуі соңғы он жылдықтағы ең төменгі деңгейге жетті.



Сурет 4 - 2011-2021 жылдар аралығындағы Қытайда тіркелген кәсіпорындар саны [19]



Сурет 5 - 2021 жылдың қаңтар айында Қытайдағы тіркелген кәсіпорындар санының пайыздық ауытқу көрсеткіші [20,21]

2020 жылдың үшінші тоқсанында қытайлық 29,6% шағын және орта кәсіпкерлік өкілдерінің табысы 50% -ға дейін төмен түсті. Қазіргі таңда Қытайда кәсіпкерлік қызметі қалпына келтірілді. Әлемдік пандемия жағдайында көптеген кәсіпкерлік салалары өз табыстарын жоғалтты, алайда карантиндік шектеулер кәсіпкерліктің кей салаларының жаңа серпінде дамуына жол ашты. Мысал ретінде ақпараттық қызмет саласы, онлайн қызмет көрсету, көтерме сауда нарығының оң нәтижелерін ескере кетсек болады.

Кәсіпкерліктің дамуы АҚШ-та жеке меншікке икемделіп жүргізілсе, Қытайда қауымдық меншік жақсы дамыған. Себебі, кестеде көріп отырғанымыздай, Қытайда жеке тұлғаларға салынатын салық ставкалары салыстырмалы түрде жоғары екенін көруге болады. Әлемде жайылған коронавируc індеті Қытай мен АҚШ-тың кәсіпкерлігіне ғана емес халықаралық кәсіпкерлікке үлкен соққы болды, дамуын айтарлықтай деңгейде тежеді.

Кесте 1 - АҚШ және Қытайдағы кәсіпкерлік жүргізудегі артықшылықтары мен кемшіліктері

	Артықшылықтары	Кемшіліктері
АҚШ	<ul style="list-style-type: none"> - Шағын және орта кәсіпкерлікке көмек көрсететін мемлекеттік және аймақтық мекемелердің айрықша рөлі; - әлеуметтік қызметтер, экология, электр энергиясын үнемдеу, қала экономикасы, денсаулық сақтау саласындағы ұйымдардың дамуына ерекше назарға алынуы; - әлсіз (осал) этникалық және әлеуметтік топтардың кәсіпкерлері үшін ерекше жеңілдіктер (оралмандар, жақын арада көшіп келгендер, мүгедектер, жасөспірімдер мен жастар, жұмыссыздар, көпбалалы отбасылар және т.б.); 	<ul style="list-style-type: none"> - Құрама Штаттардағы кәсіпкерліктің негізгі проблемаларының бірі - салықтар. Салықтарды төрт деңгейде басқарады: федерация, штат, аудан, муниципалитет. Салық декларациясының нысандары жиілікте айына екі рет өзгереді. - Кәсіпкерлікке арналған капиталдың және ақша ағынының жеткіліксіз басқарылуы. Америкалық банктердің зерттеуі бойынша дағдарысқа ұшыраған кәсіпкерліктің 82% ақша ағынына байланысты туындаған мәселелердің әсерінен екендігін дәлелдеген болатын;
Қытай	<ul style="list-style-type: none"> - Шағын кәсіпкерлікті қолдау орталықтары кәсіпкерлікті дамытуда маңызды рөл атқарады. Олардың функцияларына кәсіпкерлік және персоналды аудит, құқықтық және технологиялық қолдау кіреді; - Дамыған құқықтық жүйе барлық дауларға көмектеседі; - Елде бизнес жүргізуге байланысты авторлық құқықты бұзғаны үшін жазаның қатаң жүйесі бар. 	<ul style="list-style-type: none"> - Құрылыс жүргізуге рұқсат алу кезіндегі туындайтын қиындықтар, яғни Қытайда ол үшін өте ұзақ уақыт және қомақты қаржы кетуі мүмкін; - Жеке тұлғалар үшін жоғары салық ставкалары (3-45% арасында); - Мемлекеттің экономикаға тым күшті әсері. Басқа компанияларға әсер ететін мемлекеттік кәсіпорындардың үлкен үлесі нарықтық жағдайды нашарлатады.
<p>Ескерту - China and USA grows business numbers faster than any other major economy and shrugs off impact of economic slowdown https://www.uhy.com/china-grows-business-numbers-faster-than-any-other-major-economy-and-shrugs-off-impact-of-economic-slowdown/ алынған [22]</p>		

Қорытынды

Шетелдік тәжірибе бізге Қазақстан үшін маңызды болып табылатын шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың көптеген элементтерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Қазақстан үшін ұйымдастырушылық, аппараттық, құқықтық, кадрлық және қаржылық қолдауды қамтитын қолдаудың институционалды сипатын арттыру қажеттігі байқалады, сонымен қатар мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың және қайырымдылық қорларының күштерін біріктіру қажет.

АҚШ пен Қытайдағы кәсіпкерлігіне талдау жүргізіп, тәжірибесіне сүйене отырып, Қазақстандағы кәсіпкерлікке жаңа серпін алып келетін, дамуына ықпал жасайтын белгілі бір ұсыныстар дайындадық. Ол үшін Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметтің дамуында, шет елдермен салыстырғанда артта қалушылық байқалатын негізгі сәттерге қысқаша тоқталып өтсек:

- Қаржылық қолдау: АҚШ, Канада, Корея сияқты кәсіпкерлік жақсы дамыған мемлекеттерде жеке кәсіпкерлерге берілетін несие пайызы 2-6% аспайды. Қазақстанда салыстырмалы түрде көптеген кәсіпкерлікті қолдауға байланысты бағдарламалар, мемлекет тарапынан қаржыландырулар болғанымен жеткілікті деңгейге жетпейді.

- Институционалды қолдау: Қазақстанға шағын және орта бизнестің дамуына тікелей байланысты қолданыстағы даму институттарының рөлінің әлсіздігі. Даму институттарын қолданыстағы саны ШОБ жүйесінің сұранысын толық өтемейді.

- Инновациялық қолдау: Кәсіпкерлікті қолдауға арналған қаржылық және техникалық қолдау көрсетуші мемлекеттік бағдарламалар санының аздығы, себебі АҚШ, Жапония, Ұлыбритания, Қытай сияқты елдерде осындай бағдарламалар біраз жолға қойылғандығын байқаймыз.

Кесте 2 - Америка Құрама Штаттары және Қытай Халық Республикасы кәсіпкерлігінің тәжірибесінен Қазақстан үшін ең маңызды кәсіпкерлікті қолдауға ұсыныстар

АҚШ	Қытай
<p>–парламенттің атынан және оның бақылауында бағдарламалық-мақсатты басқару негізінде әрекет ететін қуатты федералды ұйым ретіндегі шағын кәсіпкерліктің әкімшілігін ұйымдастыру керек;</p> <p>–шағын және орта кәсіпкерлікті ілгерілету, жергілікті даму корпорацияларын құру, консультациялық, ақпараттық-білім беру инфрақұрылымын құру, бизнеске жеңілдікпен қызмет көрсету жөніндегі мемлекеттік және аймақтық органдардың ерекше рөлін күшейту қажет;</p> <p>–әлеуметтік қызметтер, экология, элетр энергиясын үнемдеу, қала экономикасы, денсаулық сақтау саласындағы ұйымдардың дамуына ерекше назарға алу керек;</p> <p>–әлсіз (осал) этникалық және әлеуметтік топтардың кәсіпкерлері үшін ерекше жеңілдіктер (оралмандар, жақын арада көшіп келгендер, мүгедектер, жасөспірімдер мен жастар, жұмыссыздар, көпбалалы отбасылар және т.б.);</p>	<p>–Қытайдың мемлекеттік саясаты елдің ішінде кәсіпкерлер дайын өндіруге бағытталған, Қазақстан үшін де кәсіпкерлер экспортқа тауарларын шикізатқа түрінде емес дайын өнім ретінде әзірлеуі ұсынылады.</p> <p>–іскерлік белсенділікті арттырудың маңызды бағыты - беделді, оның ішінде шетелде білім алған, жоғары білікті адамдарды қолдау. Оқуын бітіргеннен кейін шетелден оралған студенттер үшін стартап-инкубатор құрып, стартаптарды қолдау қызметтерін ұсыну қажет.</p> <p>–инновацияны қолдауды Қазақстанда кәсіпкерлік саласының маңызды бөлігі ретінде дамыту, инновациямен айналысатын кәсіпкерлерге үлкен қолдау көрсету керек.</p> <p>–біз өз өнімдерімізді әлемдік нарықта қалай жылжыту керектігін әлі де үйренуіміз керек. Өкінішке орай, үлкен ішкі нарық жағдайында, сондай-ақ қазақстандық үкіметтің тауар өндірушілерге қарсы протекционистік шаралары кезінде біздің компаниялар бәсекеге қабілетті емес.</p>
Ескерту - Кесте автормен құрастырылған.	

Сонымен қатар, кәсіпкерлік қызмет саласының ерекшеліктерін ескере отырып, салық салуды саралау (ғылыми сыйымды және экологиялық таза технологияларға ерекше назар аударылады), кәсіпкерлердің әлеуметтік мәртебесін белгілеу (жастар, әйелдер, мүгедектер, зейнеткерлер үшін арнайы жеңілдіктер) және аймақтық дамуға үлкен назар аудару керек (депрессияға ұшыраған аймақтар үшін жеңілдіктер). Кәсіпкерлік қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығының және әлеуметтік әл-ауқатының, адамдардың өмір сүру деңгейінің жоғарылауының кепілі ретінде әрекет етеді. Кәсіпкерлік қызметтің рөлі халықтың экономикалық және іскерлік белсенділігінің өсуінен көрінеді (бұл жалпы экономикалық өсуге және қосымша жұмыс орындарын құру арқылы жұмыспен қамтудың артуына әкеледі).

Қазақстанның кәсіпкерлігі 2020 жылы әлемдегі барлық елдер сияқты пандемия салдарынан зардап шекті. Осы ауыр кезеңде жіберілген қателіктерді ескеріп және әлемдегі АҚШ, Қытай сияқты ірі мемлекеттердің тәжірибесіне сүйене отырып сабақ алу қажет. Егер мемлекет тарапынан шағын және орта кәсіпкерлікке жан-жақты және толық қолдау көрсетілетін болса, Қазақстандағы кәсіпкерліктің алға қарай дамуының барлық мүмкіндіктері, болашағы мен әлеуеті жоғары екені анық.

Қорыта келе, халықаралық кәсіпкерліктің дамуы жекелеген емес, дүние жүзіндегі барлық мемлекеттердегі кәсіпкерліктің дамуына тікелей байланысты екені анық. Әлемде жайылған коронавируc індеті Қытай мен АҚШ-тың кәсіпкерлігіне ғана емес халықаралық кәсіпкерлікке үлкен соққы болды, дамуын айтарлықтай деңгейде тежеді. Сол себепті жаңа экономикалық жағдайда кәсіпкерлік жүргізіп және осы жағдайда оны дамытып үйрену, осы шектеулер негізінде тиімді жұмыс жасап, әлеуметтік және экономикалық өсімге қол жеткізу барлық мемлекеттердің алдына қойылып отырған бірінші талап болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Cantillon Richard «фр. Essai sur la nature du commerce en général». - N.Y : State University of New York Press, 1755. – P. 185-189.
2. Marx Karl Das Kapital: From Capitalist Exploitation to Communist Revolution [Кітап]. - N.Y : Snow Lion Publication, 1955.
3. Raimond K. New rules for the New Economy. - N.Y. : Ten Radical Strategies for a Connected World, 1998. - 1-том. – 150 p.
4. Рубин Ю.В. Основы предпринимательства. – Москва: MFPU Synergy, 2016. – 464с.
5. Корнейко О.В. Бадун Э.А., Ткаченко В.А., Тихонова А.С. Новые финансовые возможности в сфере предпринимательства: внед-

рение микрофинансирования, краудфандинга, «peer-to-peer» кредитования. // Экономика и предпринимательство. – 2015. – № 7 (60). – С. 913-918.

6. Вернон Р. «Международные инвестиции и международная торговля в производственном цикле». – Москва : АСТ, 1966.

7. Ronald C. The Problem of Social Cost // Journal of Law and Economics. – 1960. - Vol. 3. - P. 1-44.

8. Statistics Agency of Kazakhstan on Small and medium enterprises in Kazakhstan. – Алматы, 2011-2021. – P. 85-88.

9. Agency of Kazakhstan on Methodological recommendations on the calculation of small-and medium-sized enterprises Approved by order of the chairman of the Agency of Kazakhstan on statistics from 28 September. – Алматы, 2020.

10. Licenseand International Public These 7 charts show COVID-19's effect on the US job market in March. World Economic Forum articles may be republished in accordance with the Creative Commons Attribution-NonCommercial-No Derivatives 4.0. – N.Y., 2020. - URL: <https://www.weforum.org/agenda/2020/04/coronavirus-covid19-united-states-economics-employment-business>.

11. Number of business establishments in the United States in March 2020. - United States, 2020.

12. Berman Y. The Distributional Short-Term Impact of the COVID-19 Crisis on Wages in the United States // MPRA Paper No. 100466. -URL: <https://mpra.ub.uni-muenchen.de/100466/> (Дата обращения 01 07 2020)

13. Как изменились продажи в Китае за время коронавируса. - [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://kursiv.kz/news/ekonomika/2020-03/kak-izmenilis-prodazhi-v-kitae-za-vremya-koronavirusa>. (Өтінім берілген күн 25 08 2020)

14. China grows business numbers faster than any other major economy and shrugs off impact of economic. - URL: <https://www.uhy.com/china-grows-business-numbers-faster-than-any-other-major-economy-and-shrugs-off-impact-of-economic-slowdown/> (Өтінім берілген күн 25 02 2021)

15. Арустамов Э.А., Пахомкина А.Н., Митрофанов Т.П. Организация предпринимательской деятельности. – М.: Экономика. Управление. Предпринимательство, 2009. – 331 с.

16. Бизнес и предпринимательская деятельность в Китае в 2021 году. – URL: <https://emigranto.ru/strany-azii/kitai/biznes-v-kitae.html>. (Өтінім берілген күн 25 02 2021)

17. Covid-19: China's economy picks up, bucking global trend. – 2020. - С. 26-28. - URL: <https://www.bbc.com/news/business-55699971>. (Өтінім берілген күн 25 02 2021)

18. China says its economy grew 2.3% in 2020, but consumer spending fell. - 2020. - URL: <https://www.cnbc.com/2021/01/18/china-economy-release-of-fourth-quarter-full-year-2020-gdp.html> (Өтінім берілген күн 25 02 2021)

19. Доклад о развитии малых и средних предприятий Китая в 2004 г. - URL: http://pg.jrj.com.cn/acc/pdf/2005/gp/nb/0322_600415_2004_n.pdf (өтінім берілген күн 25 02 2021)

20. Ерохин В.Я. Международное предпринимательство. - Финансы и статистика, : М.: М.: Финансы и статистика; Ставрополь: АГРУС, 2008. – С. 390.

21. Ерошкин А. Механизмы государственной поддержки инноваций: зарубежный опыт // Мировая экономика и международные отношения. – 2011. - № 24 (456) - 62-70с.

22. Юнусов И.А. Малое предпринимательство в контексте рыночной трансформации экономики и ее интеграции в мировую экономику// Аудит и финансовый анализ. – 2012.- № 1. - С.23-28.

References

1. Cantillon R. (1755). *Essai sur la nature du commerce en général* (T. 2). N.Y: State University of New York Press.

2. Marx K. (1955). *Das Kapital: From Capitalist Exploitation to Communist Revolution*. N.Y: Snow Lion Publication.

3. Raimond K. (1998). *New rules for the New Economy*. (T. 1). N.Y.: Ten Radical Strategies for a Connected World.

4. Rubin YU.B (2016). *Osnovy predprinimatel'stva: Uchebnik / YU.B. Rubin, 464 p. Rubin, Yu.B. (2016) Fundamentals of Entrepreneurship: Textbook / Yu.B. Ruby. - Moscow: MFPU Synergy, 464 p.*

5. Korneyko O.V., Badun E.A., Tkachenko V.A., Tikhonova A.S. (2015) *Novyye finansovyye vozmozhnosti v sfere predprinimatel'stva: vnedreniye mikrofinansirovaniya, kraudfandinga, «peer-to-peer» kreditovaniya // Ekonomika i pred-prinimatel'stvo, 7 (60), 913-918.*

6. Vernon, Raymond (1966) «*Mezhdunarodnyye investitsii i mezhdunarodnaya trgovlya v proizvodstvennom tsikle*».

7. Coase Ronald (1960). The Problem of Social Cost // Journal of Law and Economics, v. 3, n1 pp. 1-44.

8. Agency of Kazakhstan on Statistics (2011-2021). *Small and medium enterprises in Kazakhstan*, pp. 1-88.

9. Agency of Kazakhstan on Statistics. *Methodological recommendations on the calculation of small-and medium-sized enterprises (2020) Approved by order of the chairman of the Agency of Kazakhstan on statistics from 28 September* <https://egemen.kz/article/161010-shaghyn-dgane-orta-biznes-bugingi-akhualgha-bagha>.

10. Licenseand I. P. (2020). *These 7 charts show COVID-19's effect on the US job market in March. World Economic Forum articles may be republished in accordance with the Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0*, . N.Y.

11. *Number of business establishments in the United States in March 2020*; United States.

12. Berman Y. The Distributional Short-Term Impact of the COVID-19 Crisis on Wages in the United States. *MPRA Paper No. 100466*. Accessed 01 07 2020 <https://mpra.ub.uni-muenchen.de/100466>

13. Как izmenilis' prodazhi v Kitaye za vremya koronavirusa Accessed 25.02.2021 URL: <https://kursiv.kz/news/ekonomika/2020-03/kak-izmenilis-prodazhi-v-kitae-za-vremya-koronavir-usa>.
14. China grows business numbers faster than any other major economy and shrugs off impact of economic. (2021). стр. 15-17. Получено из <https://www.uhy.com/china-grows-business-numbers-faster-than-any-other-major-economy-and-shrugs-off-impact-of-economic-slowdown/>.
15. Arustamov E.A., Pakhomkin A.N., Mitrofanov T.P (2009). Organizatsiya predprinimatel'skoy deyatel'nosti. – М., 331 p.
16. Biznes i predprinimatel'skaya deyatel'nost' v Kitaye v 2021 godu.(2021) URL: <https://emigranto.ru/strany-azii/kitai/biznes-v-kitae.html> Accessed 25.02.2021
17. Covid-19: China's economy picks up, bucking global trend. Accessed 25.02.2021. – URL: <https://www.bbc.com/news/business-55699971>.
18. China says its economy grew 2.3% in 2020, but consumer spending fell. Accessed 25.02.2021. – URL: <https://www.cnbc.com/2021/01/18/china-economy-release-of-fourth-quarter-full-year-2020-gdp.html>.
19. Doklad o razvitii malykh i srednikh predpriyatiy Kitaya v 2004 g. Accessed 25.02.2021 – URL: http://pg.jrj.com.cn/acc/pdf/2005/gp/nb/0322/600415_2004_n.pdf.
20. Yerokhin V.YA. Mezhdunarodnoye predprinimatel'stvo. – М.: Finansy i statistika, 2018. – 390 p.
21. Yeroshkin A. (2011). Mekhanizmy gosudarstvennoy podderzhi innovatsiy: zarubezhnyy opyt. Mirovaya ekonomika i mezhdunarodnyye otnosheniya, 10, P. 21-24.
22. Yunusov I.A. (2012). Maloye predprinimatel'stvo v kontekste rynochnoy transformatsii ekonomiki I yeye integratsii v mirovuyu ekonomiku. Audit i finansovyy analiz, 1, 23-28.

Авторлар туралы мәліметтер

Мырзахметова А.М. – хат-хабаршы авторы, э.ғ.к, эл-Фараби атындағы ҚазҰУ ХҚ және ӘӘ кафедрасының доценті, aidam201167@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-8421-5150>.

Мухаметжан А.Е. – ҚазҰУ, «Әлемдік экономика» мамандығының 2-курс магистранты, mukhametzhan.akbota@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-9734-1407>.

Information about the authors

Myrzakhmetova A.M. - **corresponding author**, Candidate of Economic Sciences, Associate Professor of the Department of International Relations and World Economy of Al-Farabi KazNU, aidam201167@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-8421-5150>.

Mukhametzhan A.E. - Master's degree 2 course specialty "World Economy", mukhametzhan.akbota@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-9734-1407>.

Дата поступления: 12.04.2021.

Прошла рецензирование: 10.05.2021.

Принято решение о публикации: 04.06.2021.

Received: 12.04.2021.

Reviewed: 10.05.2021.

Accepted: 04.06.2021.

Қарастыруға қабылданды: 12.04.2021.

Рецензиялауды өтті: 10.05.2021.

Жариялауға қабылданды: 04.06.2021.